# Білім жарысы

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университетінің студенттер газеті

www.ksu.h2.kz

№7 (132)
28.09.2015

1998 жылғы 22 наурыздан шыға бастады




МӘҢГІЛІК ЕЛ

# Ақындар шықты айтысқа




**Әйгерім БАЙҚАСОВА, ҚМУ, Гуманитарлық-әлеуметтік факультеті, журналистика мамандығының 4 курс студенті.**


**Биыл республика бойынша Қазақ хандығының 550 жылдығы мерекеленуде. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті осынау маңызды іс-шараны атап өтуден тысқары қалған жоқ. Өткен тарихымызды кейінгі толқынға насихаттау мақсатында оқу орны облыстық жас ақындар айтысын ұйымдастырды.**

Мерекелік бағдарлама жас ақындарды таныстырудан басталды. Айтысты көруге келген көпшілікті университетіміздің оқу және тәрбие жұмыстарының проректоры Алмас Әбсадықов пен облыстық мәдениет басқармасының маманы Роза Олжабаева құттықтады.

Айтыскерлер бәйгеге түспес бұрын Абзал Алпысов әсем ән шырқады. Сахна төріне бірінші болып Арқалық қаласынан келген Хафиз Хайролла мен Нұрсұлтан Қасымның жұбы шықты. Осылайша, қос ақын сөз-додасының шымылдығын ашып берді. Жас ақындар айтысын өзіміздің оқу ордамыздағы тарих және құқық факультетінің 4 курс студенті Дастан Беков пен Арқалық қаласының тумасы Ғабит Ырыспайлар жалғастырды.

Айтыс барысында әрбір ақын сөз саптауы, өлең құрауы және ойының тереңдігімен ерекшеленді. Олар батылдық, шындық, ар-ұят, қыз тәрбиесі жайлы, тарихымыз, саясат пен әлеуметтік мәселелер туралы да сөз қозғады. Жарыс арасында өңірімізге кеңінен танымал әнші Манатбек Қадыров «Көк тудың желбірегені» әнін шырқады. Келесі жұп ҚМПИ-дың студенті Мәрия Ақбабақызы мен Аманкелді ауданының тумасы Бекболат Қаленовтар болды. Бұл жұп қыз бен жігіт айтысының озық үлгісін көрсетті. Ақындарға көпшілік қошемет білдіріп, қолдап-қолпаштап отырды. Сахна төріне шыққан қостанайлық Бақытжан Әлкебаев пен Аманкелді ауданынан келген Сағынтай Батырлан, Ізтілеу Балтасар мен Асылхан Сәлімжан, Дастан Беков пен Сағынтай Батырлан сияқты ақындар да берілген тақырыпты аша білді. Қазылар алқасы шешім шығарғанша, жас әнші Аружан Өмірзақова әсем ән шырқады. Қазылар шешімімен үшінші орынды Хафиз Хайролла мен Мәрия Ақбабақызы иеленді, екінші орынды Нұрсұлтан Қасым мен Беков Дастандар бөліп алса, бірінші орынды Сағынтай Батырлан иеленді. Қостанайлық жас ақын Бақытжан Әлкебаев айтыстың бас жүлдесін иеленді.

***Суретте: облыстық жас ақындар айтысынан көрініс***

ОБРАЗОВАНИЕ

# «Серпін - 2050»


**Зарина ЩЕРБАЕВА, студентка 3 курса ГСФ специальность «Журналистика»**


**С 2014 года в Казахстане работает государственная программа «Серпін - 2050» «Мәңгілік ел жастары - индустрияға». Основная цель данной программы - популяризация технических и сельскохозяйственных специальностей, особенно востребованных в северных и восточных регионах.**

В рамках программы казахстанская молодежь из регионов с избытком кадров, а это прежде всего, южные области республики, направляются на обучение и трудоустройство в области, где ощущается дефицит кадров.

В прошлом году по программе «Серпін - 2050» 2050 человек получили возможность получения бесплатного высшего образования. Тогда эта программа реализовывалась в основном на педагогических специальностях,. В этом году направления этой программы расширились, охватив такие специальности, как инженерно- технические, сельскохозяйственные и ветеринарные. В этом году по данной программе, которая предусматривает переремещение студентов, выделили по республике как минимум 5 тысяч образовательных грантов. В конкурсе приняли участие ВУЗы восточных и северных регионов.

Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова вошел в десятку лучших ВУЗов страны и утвержден как вуз, участвующий в реализации данной программы. Нашему вузу выделено 450 грантов, которые распределены по 14 специальностям для студентов с казахским языком обучения на ветеринарном, инженерно-техническом аграрно-биологическом факультете и факультете информационных технологий. Самое большое количество грантов было выделено ветеринарному факультету.

В программе участвует молодежь из Алматинской, Южно-Казахстанской, Жамбылской, Кызылординской, Мангистауской областей, которые в будущем, надеемся, восполнят недостаток трудовых ресурсов.

Мне удалось поговорить со студентами, приехавшими из южного региона. Абсолютное большинство говорили о том, что город понравился всем: своим спокойствием, чистыми и просторными улицами и необыкновенной чистотой. Правда, все в один голос твердят: «У вас очень холодно!». А впечатление об университете в целом очень хорошее. За первые недели учебы успели подружиться с одногруппниками и найти общий язык с преподавателями.

Многие студенты приехали учиться по собственному желанию, заранее узнав об этой программе. Абитуриенты, поступившие на основании гранта, в рамках программы были обеспечены общежитием. А после окончания университета выпускникам будет оказана помощь в трудоустройстве, ведь это одна из целей данной программы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

# Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары

**Сыздық Әдемі, 3 курс, журналистика**

**ҚР-сы тәуелсіздігін алғаннан кейін 1995 жылы сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы заң шығарып, осы заң арқасында қылмысқа қарсы жұмысын жасап келе жатыр.**

Мемлекетіміздің құруына байланысты, оның әр тараптағы экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайына байланысты сыбайлас жемқорлықпен күресу өз де баспалдақтай жоғары көтеріліп келеді. Яғни айтқанда мүнын бәрі күресу жолдарын жасау үшін жасалған.

Соңғы жылдары сыбайлас жемқорлықтың себебі неден? Қандай жағдайлар итеріп салады? Деген сұрақтарды зерттеп, мемлекеттің, үкіметтің көмегімен ең бірінші себептерімен танысамыз. Ол әрине, қай салада болмасын әлеуметтік жағдайларының жетіспеуі, екіншіден, ҚР-да шығып жатқан заңдарымен және экономика саласындағы алынып жатқан кейбір жұмыс істейтін шағымдардың кемістеулігі. Үшіншіден, біз бұрынғы одақ кезеңінде өзіміздің көптеген тәрбие және отансүйгіш қасиетімізді жоғалтып, адам баласының құндылығынан алыстап кеттік. Жаңа капиталистік жолға түсіп, нарықтық экономика болғанымен адамгершілік қасиеттерімізді қажетті нәрсеге ауыстырып жатырмыз. Адамның құндылығы бойында азайған сайын, ойындағы жаман қасиеттері бос орнында тұрмайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары әртүрлі. Ал біз оны үш бөлімге бөліп жатырмыз.

1. Мемлекетпен біздің елбасымыз осы сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресу керектігін жариялап, осыны заңды түрде заңға айналдырды. Яғни айтқанда заң қабылданды, бұған сот жүйесі қосылып, қылмыс жасаған адамдарды бас бостандығынан айырып отыр.

2. Сыбайлас жемқорлықпен күресетін құқықтық органдарда жұмыс істейтін мамандарға жаңа талаптар қойлып жатыр. Мемлекет, сот жүйесі, құқық органдары – кадр мәселесін көтереді. Елбасымыздың 5 институционал реформаның біреуі - мемелекеттік аппаратты дұрыстау.

3. Осы соңғы жылдары жаңа туып келе жатқан бала сияқты, біз қоғамның адамдары көтеріп жатқан мәселе-бұл Қазақстан елінің жас өспірімдерін, жастарын, солардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға біз тәрбиелеп, оқытып, үйретуіміз керек.

Себебі, заң шығады, сыбайлас жемқорлық жасаған адамды қолынан ұстап аламыз, түрмеге отырғызамыз. Ол артта келе жатқандарды тоқтатпайлды. Оның орнына келген адам, ол да сыбайлас жемқорлықтың иісіне, дәміне үйреніп қалған, ол да қолын мемлекеттік қаржысына салады. Қажет-керек нәрсе. Үкімет, құқық органдарының жұмыстарын кемістеуге болмайды. Бірақ, еліміздің болашағына, мемлекетіміздің экономикасының дамуына сыбайлас жемқорлықтын деңгейін төмен түсіруіне жастармен тәрбие - осы ең бірінші орын алады. Болашақта сыбайлас жемқорлық олмау үшін, қазіргі кезден жастарымызды қазірден тәрбиелеуіміз керек. Мәселе сонда. Ал қазір қоғамда әртүрлі қылмыстар болып жатыр. Сонымен қоса үйдегі, айналысындағы адамдар үйретіп жатыр.

Біз осы мәселелерді көтеріп, университетте ректордың қолдауымен үлкен шаралар атқарып жатырмыз. Біз сол ұйым 5-6 жыл бұрын аудан, қалаларда болып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарын өткізіп жүрміз. Тұрғындармен кездесіп, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін, алдын ала жұмыстарын жүргізу керек.



Студенттерді тәрбиелеу үшін университетте қоғамдық кеңес құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы концепция қабылданды, одан кейін бағдарламаға да қол қойылды. Әр факультетте кіші ғұрым қоғамдар қабылданды. Адамның ой-пікірін, құқықтық білімін, адамгершілік қасиеттерін көтеруіміз керек.

Қазір қарасақ, көптеген ЖОО шетелдік реформа алып, білім саласын бизнеске аударып кетті. Сондай оқу орнында ілім алған балалар маман бола ала ма? Мен оны айталмаймын.

Қазір мынандай пікір қалыптасқан «Жоғарғы білім болса, бала ақша табатын жерге барады. Бұл менінше өткен заман, кеңес заманында солай болған. Қарап отырсақ, одақ кезінде әр бір оқимын деген бала ЖОО түсе алмады ғой. Себебі тәртіп қатты болды, қабылдау мәселесі қатты болды. Ал қазір білім екі нәрсеге байланысты-баллынды жинасаң және ақшан болса болды. Әрмен қарай оқисын ба, оқымайсын ба, дұрыс таңдап алған мамандығын баоған ешкімнің жаны ашымайды. Мысалы 4-ші курс студенттерден: «Қайда жұмыс істейсін? - деп сұраса Білмеймін, басқа салаға барамын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін, соған тәрбиелеу үшін-отбасы үлкен жұмыс жасау керек. Ата-аналары, туысқандары түсіндіріп айту керек. Сонымен қоса, жастардың қоғамдағы айналысы әсер етеді. Қазіргі жастар бос уақыттарын дұрыс өткізбеу - шығыннан басқа етене әкелмейді. Әртүрлі жерлерге жұмсайтын ақша кімдікі? - ата-анасының.

Негізінде, адам жер бетінде заңдылықты өмір сүреді, адам баласы туғанда оған куәлік беріледі, оның бәрінен өлгеннен кейін айырылады-сонында өлім куәлігі беріледі. Сондықтан, біз тәртіпті болуымыз керек. Тәртіппен өмір сүретіміз болсақ, әр адам өзіннің атаанасынан биологиялық алып шыққан қасиеттерін пайдаланып, өзінің жетістіктеріне жетеді. Бәрі бірден президент, министр бола алмайды, бірақ мүмкіншілігіне жетісіп, біршама қызық көретін өмір Қазақстанда соған жағдай туғызылған.

30 жылдай құқықтық органдарда жұмыс істегенмін. Мемлекет болсын, мемлекеттің органдары болсын, ЖОО болсын, кафедра болсын, мектеп болсын, колледж болсын, үй басы болсын-біз тәртіпті болуымыз керек, заңды сыйлап тұруымыз керек.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

# Коррупцияға қарсы

**Тастанов Мейрамбек, ф.ғ.к., профессор, стратегиялық даму басқармасының бас маманы**

**Мемлекттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқолыққа қарсы арнайы бөлім құрылғаны белгілі.**

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамаларына, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бағдарламасына сәйкес орындалады. Студент жастардың отаншылдық тәрбиесін қамсыз-дандыру, олардың абырой, қарыз, ел келешегіне жауапкершіліктерін арттыру, жемқорлыққа төзбестікті тәрбиелеу үшін «Студенттің абырой кодексі», «Оқытушының абырой кодексі», «Қызыметкердің абырой кодексі» әзірленген.

Жемқорлыққа қарсы күрес келесі бағыттарда жүргізіледі: Университеттің, ректораттың және Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарларында жемқорлықтың басын ашу, оның алдын-алу, тыю шаралары қарастырылған. Осы бағытта университетте Ар-намыс кеңесі, ректордың, проректорлардың, факультет декандарының ауани қабылдау бөлмелері жұмыс жасайды және университеттің барлық бөлімшелерінде арыз – ұсыныс жәшіктері орналасқан.

Жұмысқа қабылдау кезінде тамыр-таныстық болмас үшін ПОҚ бос орынға үміткер болған кезде, олардың барлығы конкурстан өтіп барып қабылданады.

2006 жылдан бастап ҚМУ-да ПОҚ жұмысына сарапшылықтың рейтингтің жүйесі баға береді. Оның нәтижесі бойынша ПОҚ-ның жалақыларына қосымша үстемақы қосылады.

Оқытушылардың жұмысын бағалау мақсатында студенттер арасында сауалнамалар өткізіледі.

ҚМУ электрондық ректорат жұмысын жолға қойған. Ол жариялылықты қамсыздандыруының, нақты менеджменттің персоналмен жұмыс жасауын және халыққа "электрондық үкіметтің" бағдарламасы жіберетін қызметтерді атқарудың аспабы. Университетте тексерудің және емтихан білімін сараптаудың құрастырмалы-рейтингтің жүйесі енгізілген. Университеттің барлық мамандықтары несие технологиясы жүйесінде қызмет атқарады.

Студенттің білімін тексеру жүйесі бес кезеңдік семестрлік аттестациядан тұрады. Қазақстан тарихынан және мамандық бойынша мемлекеттік емтихандарда студенттердің білімінің сарапшылығына субъективті ықпалды болдырмайтын бланктік тестілеу әдісі қолданылады. Бұл әдіс, ҰТО технологиясы негізінде өзіміздің бағдарламашылар жасаған жүйе арқылы өткізіледі. Ал ағымдағы басқа емтихандарға екі оқытушының атысуы міндетті. Студеттер мен ма-гистранттардың дипломдық жұмыстарын және магистрлік диссертацияларын біздің университет қызметкерлері жасаған «Антиплагиат» жүйесі тексеруден өткізеді. Оның нәтижесі бойынша жұмыстарды қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.




«Жемқорлыққа қарсы күрес негіздері» атты элективтік курс барлық мамандықтарда өткізіледі. Жемқорлыққа қарсы күрес мәсеелелері кафедра отырыстарында қарастырылып, заңгерлермен кездесулер өткізіледі. Студентермен әр сессия аяғында, ал түлектермен диплом алар алдында, жемқорлық фактілері туралы арнайы саулнама өткізіледі. Олардың нәтижелері бөлімшелер мен университет кеңесінің отырыстарында қарастырылып, қажетті жағдайларда шешімдер қабылданады.

Барлық факультеттер мәжілістерінде құқық бұзушылықтың сұрақтары қарастырылатын студенттік қоғамдық құрылымдар-студенттердің абырой кеңестері құрылған. Деканаттармен тығыз байланыстағы студенттік деканаттар және старостаттар мен студенттік автономияның буындары жұмыс істейді.

Университетте басқа да құрылымдар - Жастар бастамасы орталығы, студенттер Альянсы, студенттердің абырой кеңестері, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары жемқорлыққа қарсы күреске жұмылдырылған. 2006-2007 оқу жылынан бастап заң факультетінде, 2009 жылдан барлық факультеттерде Қамқоршылық кеңестері қызмет атқарады. Олар оқу үрдісін ұйымдастыру мен басқада қолғабыстарымен қатар жемқорлыққа қарсы шаралар өткізуге ат салысады.

Біздің университет Республикада алғашқы болып «Жоғары оқу жүйесінде жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру тұжырымдамасын» 2014 жылы қабылдады.

# Аурудың алдын алу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ең алдымен жоғарғы оқу орынында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінікті қалыптастыру жүйесінен бастағанды жөн көрдік. Қазақстан Совет үкіметінен кейінгі кеңістікте бірніші болып 1998 жылдың шілде айында сыбайлас жемқорлықпен күрес заңы қабылданды және халықаралық конвенсияларға қосылды. Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар Қазақстанда мемлекеттік билік және қоғам үшін өте қауіпті екенін барлығымыз да білеміз. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік негізгі басымдылықтарының арасында сыбайлас жемқорлықпен күресті нақты да белгіледі Сыбайлас жемқорлықпен күрестің мемлекеттік бағдарламалары қабылданды. Осы бағдарламаларды іске асыру аясында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының пайда болуының себептері мен жағдайын жою жөніндегі нақты шаралар белгіленді. Біздің университет Республикада алғашқы болып «Жоғары оқу жүйесінде жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру тұжырымдамасын» 2014 жылы қабылдады. Әр оқу жылына арналған оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес барлық факультеттерде құқықтық жалпы оқыту жүргізіледі. Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін сақтау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітіледі.

«Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары қаншалықты деңгейде жүріп жатыр?» деген сауалға жауап іздейтін болсақ, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамаларына, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бағдарламасына сәйкес орындалады. Әрине, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес талаптары қаншама күшейгенімен заңды айналып өтудің түрлі айла-шарғылары әдетте сан құбылып, жиі өзгеріп келеді. Заң талабы түзу болғанымен, оның тектіктері қоғамда әрқашан да терең ойластырылып, жаңғыртылып отыруды қажет етеді. Бұл тарапта заңгерлердің әрекеті мәселені шешуде аздық етеді. Сондықтан да оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы ауызбірлік танытып, күш біріктіре отырып қызмет жасаулары қажет.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша нақты 100 қадам» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, жемқорлықтың алдын алу және сауықтыру жұмысын жетілдіре түсуге оқу орындары күш салатын салатын болады.

ІРІКТЕУ

# Терең ой, жүйелі сөз, ашық пікір

**Ботагөз ІЛИЯСОВА,
ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының 3 курс студенті**

**Дебат – барлық елдерде кең тараған студенттердің зияткерлік ойыны. Әсіресе, Еуропа, Азия, Америка елдерінде танымал. Бұл ойын көпшілік алында сөз сөйлеуге, өз пікірін дәлелдей білуге үйретіп, ойды анық жеткізуге бейімдейді. Тапқырлыққа, шешендікке баулитын дебат клубы біздің А.Байтұрсынов атындағы университетінде де бар.**

«Ахмет ұрпақтары» деп аталатын клуб 2007 жылы оқу орнындағы белсенді жастарының ұйымдастыруымен құрылған. Бүгінде университетіміздің пікірсайысшылары республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, топ жарып жүр. Қазіргі таңда белсенді жастардың қызығушылығы артып, клубтың ауқымы кеңеюде. Жыл сайын аталмыш клубқа іріктеу кезеңі жүргізіліп отырады. Осы жайында «Ахмет ұрпақтары» дебат клубы қазақ лигасының үйлестірушісі Ботагөз Аманжолмен сұхбаттасқан болатынбыз.

**- Биылғы жаңа оқу жылындағы іріктеу қалай өтті? Сол жайында айтып берсеңіз.**

- Жаңа оқу жылы университетіміз үшін ерекше басталды емес пе. «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша еліміздің оңтүстік аймағынан келген түлектер өте көп. Сондықтан дебат клубының іріктеуіне жиналған 1 курстың студенттерінде есеп жоқ. Биыл ғана оқуға қабылданған 60 шақты студент келді. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда әлдеқайда көп. Жастардың дебатқа деген қызығушылықтары көңіл қуантады. Қатысушылардың кейбіреулері өзгелерден үйренгісі келеді. Ал енді біреулері өздерінің бойындағы қасиет пен білімді шыңдағысы келеді. Ең бастысы, әрбір жастың көрсем, білсем, үйренсем деген талпынысы бар.

Қатарымызға жаңадан қосылған ойыншылар алдағы уақытта турнирлерге қатысып, университетіміздің насымын қорғайды деп сенеміз. Тобымызға қосылғысы келетін студенттерге есігіміз әрдайым ашық.

**- Жаңадан келушілерге қандай дәріс сабақтарын өткізесіздер?**

- Дебаттың да белгілі бір АПФ, БПФ сияқты форматтары бар. Ең алдымен жаңадан келушілерге біз АПФ форматын үйретеміз. АПФ дегеніміз - Американдық Британдық Парламенттік формат деген мағынаны білдіреді. Кординаттар ойын шартын үйретеді. Ойын қалай өту керек, жиі талқыланатын мәселелер қандай ,қай бағытта ойнау керек екенін көрсетіп түсіндіреміз. Дебат ойынында адам өзін қалай ұстау керектігін, өзінің ойын қарама-қарсы командаға дұрыс жеткізе білуін және пікірін нақтылауға, алдына қойған мақсатты түсінуге, соны басқаларға жеткізуге үйретеміз. Ол үшін арнайы дәрістер оқылады.

Жаңадан келген студенттер бірден ашылып, ойынға араласып кетпейді. Олардың ортаға сіңісіп, өзгелермен тіл табысып кетуі үшін арнайы тренингтер, «Мафия», «Черная магия» сияқты әртүрлі ойындар ұйымдастырамыз.

**- «Ахмет ұрпақтары» дебат клубының жетістіктері қандай?**

- Клубымыздың мүшелері көптеген пікір-сайыс турнирлерінің бірнеше дүркін жеңімпаздары. Атапайтқанда, 2008 жылы Британдық Парламенттік форматында өткен халықаралық пікір-сайыс турнирінде 1 орын, Парламенттік формат бойынша 2009 жылы Астанада өткен Қазақстанның Ұлттық чемпионатында 1 орын, «Нұр Отан» партиясы кубогына арналған республикалық турнирде 1 орынды иеленді. Сондай-ақ, қалалық және облыстық деңгейдегі көптеген ойындардың жеңімпаздары. Жаңа буын өкілдері дебат-клубымыздың мәртебесін одан әрі асқақтатады деген үміттеміз!

**- Біздің қатарымызға жаңадан қосылған оқырмандарға дебат ойынының өту тәртібі туралы түсінік бере кетсеңіз.**

- Барлығымызға белгілі пікір-сайыс қарама-қайшы көзқарастың қақтығысын тұратын қатаң ережелер бойынша жүргізіледі. Құрамы үш адамнан тұратын 2 топ қатып, бір тақырып бойынша өзара пікір таластырады. Әуелі қатысушыларға жеребе бойынша немесе келісім бойынша ұстанымдар белгіленеді: растау немесе теріске шығару. Бір топ берілген тақырыпты қорғап, дәлелдеуі тиіс, яғни оны жақтаушы топ деп атайды. Ал, екінші топ жақтаушыларға қарсы шығып, олардың пікіріне кереғар тұжырым айтуы тиіс. Сонан соң пікір-сайыс белгіленген регламент бойынша өтеді. Ең негізгісі – әр топ өздері тақырыпқа сай критерийін құрып, оны қорғайды. Тек сөзбен емес, түрлі дәлел-фактілер келтіре отырып, оларды қай әдебиет, қай ақпараттық құралдан алғанын айтулары тиіс. Әр топтың спикерлері бейтарап төрешіні өздерінің көзқарасының мейлінше дұрыс екендігін сөндіруге тырысады. Ойын барысында сөз сөйлеген спикерлерге қарсы жақ сұрақ қояды. Қарама-қарсы сұрақ қарсыластар дәйектеріне анықтық енгізу, олардың пікірлеріндегі олқылықты анықтау мақсатында қойылады. Пікір-сайыс ойынды талдау және төрелік шешім қабылдау, яғни жеңімпаз топты анықтаумен аяқталады.



**- Сіздің ойыңызша, дебат ойынының артықшылығы қандай?**

- Дебат - адамның ойөрісін дамытып, болашаққа жетелейтін жол десек қателеспейміз. Себебі адам жүйелі сөйлеу арқылы өз ойын дәл жеткізуге машықтанады. Біріншіден, жан-жақтыболуға үйретеді. Екіншіден, көптеген достар табады. Сондай-ақ, адамды белгілі бір тақырып төңірегінде өз ойын анық әрі дәлелді түрде жеткізуге көмектеседі. Осылайша, жастардың жеке пікірін қалыптастыруға септігін тигізеді. Ертеңгі еңбек жолында әріптестерімен келіссөздер жүргізгенде, үлкен сахналарға шығып, жұртшылық алдында мінберден сөз сөйлегенде көп пайдасы бар. Сондықтан студенттерді «Ахмет ұрпақтары» дебат клубына шақырамын!

**Әңгімеңізге рахмет!**

ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР

# Қыз алып қашу дұрыс па?

**Әсел АХАН,
ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының 3 курс студенті**

**Халық арасында ертеден келе жатқан дәстүрлердің бірі – қыз алып қашу. Бұрынғы жылдарда бұл үрдіс жастардың бақыты үшін орындалатын.**



Ертеде жастар үлкендердің шешімімен, құдаласып қоюымен бас қосатын. Сондай жағдайда ғашықтар өзара серттесіп, некелесетін. Үлкендердің келісімі болмағандықтан, жігіт өз бақыты үшін қалыңдығын алып қашқан. Мұндай оқиға желісін талай әдеби шығармалардан кездестіруге болады. Алайда қазіргі таңда бұл дәстүрдің мәні мен маңызы әбден өзгерген. Яғни, жігіт өзі ұнатса болды, қыздың пікірімен санаспай алып қашатын сәттер жиілеп кетті. Жүргізілген әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей еліміздегі ересек адамдардың 60 пайызы осы салттың куәсі болғандықтарын айтуда. Ал жастардың 70 пайызы алып қашудың құрбанына айналған құрбыларының, болмаса таныстарының бар екендігін жеткізген.

Ойлап қарасақ, біреудің мәпелеп отырған қызын әйшәйға қарамай «ұрлап әкету» нағыз қылмыс емес пе? Көп жағдайда қыздарды бейтаныс адам алып қашып, оның болашағы бұлыңғыр болып жатады. Мұндай жайтқа заң жағынан қарасақ, қыз алып қашу қылмыстық кодексте «Адам ұрлау» бабымен жазаланады екен. Сонда сырттай сүйген қызына алып қашу жолымен қол жеткізбек болған жігіттер заң алдында жауапқа тартылып, қылмысты болып қалады. Қыз алып қашқан жігітті айыптаумен түскен арыз бойынша қаралған іс еліміздің Қылмыстық кодексінің 125-бабымен жазаға тартылады, яғни «адамды ұрлау» қылмысы бойынша жауапкершілік жүктеледі. Әрине, бұл тек заң тұрғысынан айтылған көзқарас. Алып қашу жайлы көпшіліктің пікірі әртүрлі. Кейбір жағдайларда мұндай дәстүрмен шаңырақ құрғандардың көбісі кісі қызығарлықтай отбасын құрып, өнегелі отбасы болып кеткен кездер де жоқ емес. Бұрын-сонды көрмеген жігіт алып қашып, келін етіп түсіргендіктен солардың дегеніне көнуден басқа шарасы болмағандықтан келіншектер өз келісімін беріп, отбасында ана атануы әбден мүмкін. Не дегенімен өзге адамның тағдырын қалауынсыз өзгертуге ешкімнің қақысы жоқ. Бірақ, мұны көпшілік ежелден келе жатқан дәстүрге балайды. Ата-бабаларымыздың заманындағы қыз алып қашу дәстүрі екі жастың келісімімен орындалса, бүгінгілер бойжеткендердің пікірін елемей, осындай әрекетке барғандықтан заң алдында жауапты болатындарын ұмытпаса екен. Асылы, сүйіктіңмен серттесіп үйленген абзал.

СПОРТ ДЕГЕН БІР СИҚЫР

# Намысты қолдан бермеді

**Бөлтірік НҰРТАЙ,
ГӘФ журналистика мамандығының 3 курс студенті**

**Биылғы жыл алаш жұрты үшін спорттық жетістіктерге толы болды десек артық айтпаған болармыз.**

2004 жылы УЕФА президенті Мишель Платини қазақ топырағына келіп, Қазақстанды Европа футбол қауымдастығы қатарына алған болатын.Араға он бір жыл салып, «Астана» футбол клубы алты құрлықтың басты,беделді бәсекесі УЕФА чемпиондар лигасының топтық кезеңіне жолдама алды.

Футболды көріп қана қоймай, ондағы саясатқа көңіл бөлу керек.

1. «Астана» футбол командасының бюджеті 11 млн. евро, ал топтық кезеңге өткені үшін 17 млн.евро. Бұл жерде сандарға назар аударыңыздар.

2. Бұл Қазақстанға тікелей жарнама. Футбол десе ішкен асын жерге қоятын жанкүйерлері елімізге ағатыны анық.

Әрине, бұл дегеніміз 11 жыл бойы төккен тердің, еңбектің нәтижесі, жемісі. Іріктеу кезеңінде Словенияның сойқаны Мариборды, Финляндияның намысын ту етіп жүрген ХИК, Европада атын алтын әріппен жаза білген Никосияның АПОЭЛ-де аттап өтіп, әрбір футболшының арманы УЧЛ жолдама алды.

Маусым ашылысымен Сарыарқаның төріндегі «Астана-арена» стадионы үш бірдей әлем футболы топжарғандарын қабылдайды. Олар - Галатасарай, лиссабондық Бенфика және әлем футболының алыбы Атлетико Мадрид футбол клубтары. Алты алаш ұлдары мен қыздары асыға күткен УЕФА чемпиондар лигасының әнұраны қазақ топырағында шырқалатынына көпшілік сенер емес.




Футболмен бұл маусым шектеліп қойған жоқ. Елорданың «Алау» стадионында бір жетіге созылған дзюдо күресінен әлем чемпионаты өтті. Әлемнің 120 елінен атағы бір басына жетерлік 800 балуан әлем чемпионатының 9 салмағында бәсекеге түсті. Естеріңізге сала кетейік, дзюдо күресінің тарихында бірде-бір қазақ жігіті 1-ші тұғырдан көрінген емес.Сол себепті де біраз жұрт сенсацияны күтті. Оған себеп, қазақ ұл-қыздары өз жерлерінде намысты қолдан бермейтінін біледі.Жалпы айтқанда, алты күн бойы алты құрылық адамдарының көзі Астана төріне ауды. Біз күткен сенсация орын алды. 66 кг салмақ дәрежесінде екі бірдей қазақ баласы ақтық бәсекеге түскен болатын. Жастар арасындағы әлем чемпионы, Азия чемпионы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, әлемдік гранпилердің жеңімпазы Елдос Сметов пен Рустам Ибраевтар өзара алтын медаль үшін бәсекеге түсті. Екі бірдей қаракөзіміз әлемнің алпауытарын жайпап, финалға шыққанда көзге жас келгені бар. Елдос сәл ғана басымдылық танытып, әлем чемпионы атанса, Рустамға жылдың басты бәсекесінің күміс жүлдесі бұйырды. Тамаша нәтиже. Айтарға сөз жоқ. Осы жетістікті жігіттер Рио олимпиадасында қайталаса жарады. Балуандарымызға бармақтай болса да бақ берсе екен дейміз. Байрақты бәсекелерде қазақ ұл-қыздары намысты қолдан бермей қазақтың көк туын әрқашанда көк аспанда желбірете берсін дейміз.

ИНТЕРВЬЮ

# Мы против коррупции!

Амангуль УСТЕМИРОВА

**Костанайский Государственный университет им. А.Байтурсынова одним из первых среди вузов республики принял Концепцию формирования антикоррупционного мировоззрения в системе высшего образования, в разработке которой приняли участие Совет Ассоциации выпускников и работодателей, Попечителей Совет университета, Совет профессоров вуза. Мы беседуем с председателем общественного совета по противодействию коррупции департамента государственной службы и борьбе с коррупцией Костанайской области, советником ректора Михаилом Юсуповичем Дауеновым**



**- Михаил Юсупович, известно, что вы были одним из инициаторов создания в нашем университете Совета про противодействию коррупции. Что послужило поводом для принятия Концепции?**

- Общеизвестно, что эффективная система образования является одним из основных факторов обеспечения стабильного строительства государства и устойчивого роста экономики страны. Поэтому перед системой высшего образования стоят глобальные задачи, связанные с вхождением Казахстана в мировое образовательное пространство.

Высоко оценивая значимость образования, воспринимая и подтверждая большие успехи страны за годы независимости, ВУЗы республики осознают наличие и опасность коррупции, которая охватила все слои общества, в том числе систему образования. Не секрет, что в годы независимости созданные многие вузы превратились в источник обогащения

**- И как с ней бороться?**

- Для эффективного противодействия коррупции прежде всего необходимо выделить причины и условия, порождающие коррупцию, которые наносят ущерб устойчивому развитию системы образования и правопорядку в целом. Непрозрачность процесса, недостаточная гласность и информационная прозрачность образовательного процесса, несовершенство нормативных документов и управленческих решений порождают и используются для совершения коррупционных проявлений, неполное информационное обеспечение планов и результатов деятельности ВУЗа для его коллектива – эти и другие причины могут быть причинами порождения коррупции в стенах вуза. Наша задача – не столько борьба, а сколько формирование у студентов антикоррупционного мировоззрения. Слабая эффективность системы контроля со стороны администрации ВУЗа.

Проводимая государственная политика в республике включает в себя постоянную активность в области противодействия коррупции, направленную на сдерживание ее роста в обществе. Казахстан всегда отличался тем, что вбирал все самое лучшее из опыта других стран, не стесняся учиться у других, при этом, не забывая о своем особенном менталитете, гуманизме и уважений к личности, и это имеет непосредственное отношение и к эффективной антикоррупционной практике.

Высшие учебные заведения Республики Казахстан, будучи обеспокоенными опасностью порождаемых коррупцией проблем и угроз для государства и общества, в подрыве демократических институтов, этических ценностей и справедливости, осознавая и понимая угрозу коррупции всей системе образования страны, принимают настоящую Концепцию.

Концепция является базовым документом, который будет основой разработки и принятия всех последующих программ и рабочих планов в сфере антикоррупционной политики вузов Республики Казахстан.

**- И каковы цели и задачи этой концепции?**

- Основная цель в содействии принятию и укреплению мер, направленных на эффективное противодействие коррупции в системе образования. Задачами являются

обеспечение защиты прав, свобод и законных интересов граждан и общества от коррупции; развитие и формирование антикоррупционного мировоззрения и поведения среди субъектов высшего образования; повышение эффективности и результативности в учебно-воспитательной, научной и организационно-методической деятельности с целью минимизации и предупреждения коррупционных рисков и ситуаций; выявление, пресечение и привлечение к строгой ответственности лиц, причастных к коррупционным правонарушениям.

**- Михаил Юсупович, каковы основные направления Концепции?**

- Сообщество студентов, профессорско-преподавательский и административно-управленческий состав ВУЗов Казахстана понимают всю ответственность за реализацию главной цели системы высшего образования - подготовки профессионально и культурно ориентированной личности, обладающей мировоззренческим потенциалом, способностями креативного мышления, владеющей устойчивыми компетенциями по специальности, и считающей своим долгом укрепление и развитие принципов корпоративного управления.

Сообщество нашего университета выражают нетерпимость к любым формам коррупции. В своей деятельности КГУ стремится к тому, чтобы стать образцом нравственной и интеллектуальной силы и составить элиту высшего образования Казахстана.

Проявляя нетерпимость к проявлениям коррупции, каждый ВУЗ должен внести свой вклад в выполнение главных задач образовательного процесса и реализации государственной политики Республики Казахстан.

**- Какая роль отводится преподавателям и студентам в этой Концепции?**

- В Концепции устанавливается обязательная модель поведения для каждого сотрудника университета независимо от занимаемой должности, и студента, как обязательного участника образовательного процесса. Преподаватели и студенты нашего ВУЗа должны знать, что коррупционное поведение может нанести серьезный ущерб демократическим институтам, национальной экономике и правопорядку. А предупреждение и искоренение коррупции - это обязанность всех участников учебного процесса и для обеспечения эффективности в данной сфере они должны сотрудничать друг с другом, поэтому необходим всеобъемлющий и дисциплинарный подход в данном вопросе. Для этого необходимо прививать профессорско-преподавательскому составу, обучающимся, административно-управленческому персоналу антикоррупционное мировоззрение и поведение, воспитывать у преподавателей, студентов и сотрудников высокий уровень правовой культуры, уважительное отношение к правам, свободам и законным интересам человека и гражданина, стимулировать у обучающихся творческую активность, интерес к получению ими качественного конкурентоспособного образования, приобретения устойчивой гражданской позиции, соблюдения ими принципов законности и правопорядка, конституционного законопослушания.

Принимаемые на уровне учебного заведения меры противодействия коррупции должны носить системный характер и иметь двойное направление: «сверху вниз» и «снизу вверх». Противодействие коррупции должно исходить от четко заявленной и проводимой позиции администрации ВУЗа и распространяться на сотрудников и студенчество. С другой стороны, студенты должны быть нацелены, в первую очередь, на получение глубоких академических знаний, на неприятие коррупции. Противодействие коррупции в ВУЗе должно носить программный характер. Основная цель программы должна быть направлена на устранение причин и условий, порождающих коррупцию. Необходимо разработать мероприятия по мониторингу уровня коррупции.

**- Каковы способы и механизм реализации Концепции?**

- Для достижения целей по противодействию коррупции необходимо следующее. В первую очередь, внедрение во всех ВУЗах современных систем прозрачности информации о качестве работы, материальной и финансовой отчетности, эффективных систем общественного контроля за процессом обучения с привлечением профессиональных сообществ и студенческого самоуправления; повышение мер правовой ответственности за коррупционные правонарушения в образовании.

Со стороны административно-управленческого персонала, профессорско-преподавательского состава ВУЗа необходимо повысить ответственность и честность каждого сотрудника и преподавателя ВУЗа; создать антикоррупционную среду посредством устранения условий, способствующих коррупционному поведению и т.д.

Главная цель антикоррупционного воспитания – воспитание ценностных установок и развитие способностей, необходимых для формирования у студенчества принципов устойчивости гражданской позиции в отношении коррупции.

Таким образом, совместное сотрудничество всех казахстанских ВУЗов в противодействии коррупции с участием правоохранительных органов, всех структур гражданского общества, будет способствовать повышению качества образования, успешной реализаций реформ и гарантировать выполнение возложенной на образование миссии.

Считаю, что данный подход должен стать основополагающим, базовым при разработке стратегии развития высшего образования в нашей стране и деятельности каждого отдельно взятого ВУЗа.

АКЦИЯ

# «Чистая сессия»

В период экзаменационной сессии 2014-2015 учебного года в стенах КГУ им.А.Байтурсынова был разработан план акции «Чистая сессия». Основная цель проведения акции «Чистая акция» – обеспечение прозрачности работы профессорско-преподавательского состава, правового сознания и активной гражданской позиции студентов, нетерпимости к проявлениям нарушений антикоррупционного законодательства РК, формирования атмосферы нетерпимости к коррупции по каждому факультету. Нужно отметить, что эта акция теперь будет постоянной и традиционной. На каждом факультете организованы посты из числа членов студенческого общественного совета по противодействию коррупции и членов Совета профессоров КГУ, для работы которых были выделены отдельные аудитории. Во время акции работает телефон доверия (общий по университету и членов факультетских постов с размещением на портале - служебный и мобильные), электронный ящик доверия «Чистая сессия» для обращений студентов по негативным фактам. Была организована работа апелляционной комиссии, составлены графики и проведены встречи со студентами на факультетах членами Высшего студенческого совета и студенческого общественного совета КГУ. Проведены круглые столы по обсуждению проблем акции «Чистая сессия». Во время проведения экзаменов в аудиториях находится дежурный преподаватель, который следит за порядком. Устные экзамены принимаются двумя преподавателями. Деканат проверяет экзамены на наличие экзаменационных билетов, экзаменационной ведомости, журнала учета посещаемости и рейтинговой оценки знаний обучающихся, зачетных книжек со штампом деканата о допуске к сессии.

Активно ведет работу информационно-пропагандистская группа из числа преподавателей и студентов всех факультетов, а студенты 4 курса факультета истории и права оказывали юридическую консультацию в период экзаменационной сессии. На каждом факультете были оформлены информационные стенды с отражением сведений: о работе штаба и факультетских постов, о телефонах доверия общего по университету и членов постов, электронного адреса для обращений обучающихся, о составе апелляционной комиссии. Так же были составлены расписания экзаменов в аудиториях комиссионным методом и контролем за процедурой приема экзамена. В ходе экзаменационной сессии медиа студией проводились съемки. Вся информация по данной акции проводимой в КГУ им.А.Байтурсынова была освещена в СМИ.

Нужно отметить, что в период сессий 2014-2015 учебного года признаков или жалоб со стороны студентов не поступало. По завершению сессии было проведено анкетирование студентов на предмет удовлетворенности качеством предоставления образовательных услуг и приема экзаменов, по итогам которого негативных фактов не выявлено.

ПРАЗДНИЧНАЯ ДАТА

